

«Бүгін менің туған күнім. Ой, бәле-ай. Мына адамдар неге жатыр тойламай?!» деп жырлап өткен мұзбалақ ақын Мұқағали Мақатаевтың туғанына биыл 90 жыл. Жан жарасын қаламның қуатымен жазуға тырысқан тұлғаның мерейтойы мемлекет көлемінде тойланды. Еліміздің түкпір-түкпірінде сан түрлі шаралар өтіп, ақынның өлеңдері оқылды. Әр қазаққа Мұқағалидың берген сезімі, эмоциясы, таным-түйсігі поэзия арқылы жетіп, жүрек түбінен орын алды.

Мұзбалақ ақын МҰҚАҒАЛИ

Тарихқа шегініс жасайықшы, Мұқағали Мақатаев 1931 жылы Алматы облысы, Райымбек ауданы, Қарасаз ауылында дүниеге келді. Ақиық ақынның азан шақырып қойған есімі – Мұхаммедқали.

Ел әдебиетінің заңғар тұлғасы еңбек жолын 1948 жылы Шибұт ауылында ауылдық кеңестің хатшысы ретінде бастайды. Әр жылдары орыс тілінің мұғалімі, диктор, әдеби қызметкер, кеңесші болып қызмет атқарды. Ақынның алғашқы өлеңдері 1949 жылдан бастап жарық көре бастаған. Міне, содан бері қаншама уақыт өтті. Қанша кітабы шықты. Қалың оқырман ақиық ақынның поэзиясын сүйіп оқып, жатқа айтатын деңгейге жетті. Бұл – шынайы таланттың алған бағасы деп білемін.

Ұлт әдебиетінде ұлықтайтын ұлы тұлғалар жетерлік. Сан түрлі салада жетістікке жетіп, елдің, қоғамның алға жылжуына еңбегі сіңген қайраткерлер де көп. Солардың бірі – Мұқағали Мақатаев. Мектеп жылдарынан бастап талай оқушыны поэзияға, сол арқылы әдебиетке әкелген ақын туралы қанша айтсақ та, жазсақ та аз. Оның ерен еңбегі елдің есінде. Ұмытпайды. Ұмытпақ

та емес.

Биыл ақынның мерейтойы еліміздегі барлық мекемелерде жоғары деңгейде аталып өтті. Білім ордалары арнайы апталық ретінде тойлады. Солардың жарқын мысалын – М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде «Тоқыма және тамақ инженериясы» жоғары мектебінде өткен «Мұқағали апталығынан» көруге болады. Арнайы шаралар қатарында, мұзбалақ ақынның шығармашылығын насихаттау мақсатында өлеңдерін оқудан арнайы сайыс ұйымдастырылды. Университет студенттерінің өнерін оқырмандар тамашалап, өз бағасын берді. Жеңімпаздарға ынталандыру сыйлықтары үлестірілді.

Қорыта келгенде, ақынның поэзиясы – өміршең. Ол әрбір жүректе, әрбір кеудеде сайрап тұр...

Г.КЕНЖИБАЕВА,
«Тоқыма және тамақ инженерия» жоғары мектебінің деканы,

Жұлдызай АСАТУЛЛАҚЫЗЫ,
ЖТ-20-3к1 тобының ікүрс студенті